Әділет

**Жалпыға қол жетімді почта байланысының қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2005 жылғы 12 қыркүйектегі N 265-НҚ Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 6 қазанда тіркелді. Тіркеу N 3876. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 16 сәуірдегі № 117-НҚ бұйрығымен.

16.04.2013 жылғы редакциясында

Жарияланған: "Ресми газет" 2005 жыл 5 қараша N 46(254)

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2005 жылғы 12 қыркүйектегі N 265-НҚ Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 6 қазанда тіркелді. Тіркеу N 3876. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 16 сәуірдегі № 117-НҚ бұйрығымен

**Жалпыға қол жетімді почта байланысының қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесін бекіту туралы**

*Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 16.04.2013* № 117-НҚ *бұйрығымен.*

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жалпыға қол жетімді почта байланысының қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Жалпыға қол жетімді почта байланысының қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілері Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігіне:

1) 2006 жылғы 1 маусымға дейінгі мерзімге келісу үшін табиғи монополиялар туралы заңнамаға сәйкес реттелетін жалпыға қол жетімді почта байланысы

қызметтерінің түрлері бойынша табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізудің әзірленген әдістемелерін;

2) 2007 жылғы 15 сәуірге 2006 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметтердің және жалпы реттеліп көрсетілмейтін қызметтердің түрлері бойынша есептілік ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Телекоммуникациялар және аэронавигация саласындағы реттеу мен бақылау департаменті (Е.Ш.Әлиев):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) Жалпыға қол жетімді почта байланысының қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілері ұсынған табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу әдістемелерін келісуді белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік жұмысы және талдау департаменті (Е.О.Есіркепов) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін:

1) осы бұйрықтың ресми бұқаралық ақпарат құралдарында белгіленген тәртіппен жариялануын қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары мен "Қазпочта" акционерлік қоғамының назарына жеткізсін .

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары А.П.Нефедовқа жүктелсін.

6. Осы бұйрық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Төраға**

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасы
ақпараттандыру және байланыс
агенттігінің төрағасы
2005 жылғы 21 қыркүйек

Қазақстан Республикасы
Табиғи монополияларды реттеу
агенттігі төрағасының
2005 жылғы 12 қыркүйектегі

N 265-НҚ бұйрығымен
бекітілген

**Жалпыға қол жетімді почта байланысының қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесі**

**1. Негізгі ережелер**

1. Осы Почта байланысының саласында Жалпыға қол жетімді почта байланысының қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесі жалпыға қол жетімді почта байланысының қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді есепке алуды жүргізудің негізгі қағидаттарын, бөлектеп есепке алуды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Бөлектеп есепке алуды жүргізу мақсаты уәкілетті орган бекітетін экономикалық негізделген тарифтерді белгілеу үшін реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді айқындау болып табылады.

3. Бөлектеп есепке алу почта ұйымы көрсететін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай өзге қызмет бойынша бөлек табыстар, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтер туралы ақпаратты жинау және қорытындылау жүйесін білдіреді.

4. Бөлектеп есепке алудың негізгі қағидаттары:

1) бастапқы құжаттардың негізінде тиісті қызметтерге табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді тікелей жатқызу мүмкіндігі болған жағдайда тікелей жатқызу басымдығы;

2) олар байланысқан сол бір қызметтермен табыстардың, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің себеп-салдар байланысының негізінде тиісті қызметтерге табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлу;

3) қызметтердің тиісті түрлеріне табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді жатқызу кезіндегі ашықтығы.

5. Осы Ереженің мақсаттары үшін мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бөлу базасы - почта ұйымы өндірісінің технологиялық пен өзге процестерінің және қызметін ұсынуының өзара байланысын және (немесе) өзге де себеп-салдар байланысын сипаттайтын және реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлеріне жанама, бірлескен және жалпы шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлу кезінде негіз ретінде қолданылатын көрсеткіштер жүйесі;

2) қолданысқа енгізілген активтер - негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді қамтитын белгілі бір қызметті ұсыну үшін пайдаланылатын почта ұйымының активтері;

3) қызметтерге жанама қолданысқа енгізілген активтер - бірнеше қызметтермен (қызметтер тобымен) бір мезгілде себеп-салдар байланыстары бар, сондықтан да олар белгілі бір қызметке тікелей және бір мәнді жатқызыла алмайтын қолданысқа енгізілген активтер, бірақ белгілі бір қызметтерді көрсетуде олардың қолданысқа енгізілуі осы себеп-салдар байланыстарды көрсететін бөлу базаларының негізінде анықталуы мүмкін;

4) қызметтерге жанама шығындар - бірнеше қызметтермен (қызметтер тобымен) бір мезгілде себеп-салдар байланыстары бар, сондықтан да белгілі бір қызметке тікелей және бір мәнді жатқызыла алмайтын шығындар, бірақ шығындардың туындауын көрсететін бөлу базаларының негізінде қызметтерге бөлінуі мүмкін;

5) бөлу коэффициенті - қызметтер арасында шығындар мен активтерді бөлу үшін бөлу базасын қолдану нәтижесінде алынған жанама, бірлескен немесе жалпы шығындардың немесе активтердің үлесі;

6) жалпы активтер - қызметтердің барлық түрлерін ұсынумен байланысты, бірақ осы қызметтермен қандай да бір себеп-салдар байланысы жоқ активтер, сондықтан қызметтерді ұсынуда олардың қолданылуы белгілі бір бөлу базаларының негізінде айқындалуы мүмкін;

7) жалпы шығындар - қызметтердің барлық түрлерін ұсынумен байланысты шығындар, бірақ осы қызметтермен қандай да белгілі себеп-салдар байланысы жоқ, сондықтан белгілі бір бөлу базаларының негізінде бөлінеді;

8) почта ұйымы - почта байланысының жалпыға қол жетімді қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектісі;

9) қызметтерге тікелей қолданысқа енгізілген активтер - белгілі бір қызметті ұсынумен тікелей себеп-салдар байланыстары бар қолданысқа енгізілген активтер, сондықтан да белгілі бір қызметке тікелей және бір мәнді жатқызылуы мүмкін;

10) қызметтерге тікелей шығындар - белгілі бір қызметпен тікелей себеп-салдар байланысы бар шығындар, сондықтан да белгілі бір қызметке тікелей және бір мәнді жатқызылуы мүмкін;

11) себеп-салдар байланысының негізінде бөлу - белгілі бір қызметтермен табыстардың, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің байланыстары туындау себептерін алдын ала зерттеу негізінде реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлу;

12) реттеліп көрсетілетін қызметтер - почта байланысының жалпыға қол жетімді қызметтері;

13) бірлескен қолданысқа енгізілген активтер - бірнеше қызметтерді ( қызметтер тобын) ұсыну үшін пайдаланылатын, бірақ осы қызметтермен қандай да бір белгілі себеп-салдар байланысы жоқ қолданысқа енгізілген активтер, бірақ қызметтерді ұсынуда олардың қолданылуы бөлу базаларының негізінде айқындалуы мүмкін;

14) бірлескен шығындар - бірнеше қызметтерді (қызметтер тобын) ұсыну үшін пайдаланылатын, бірақ осы қызметтермен қандай да бір белгілі себеп-салдар байланысы жоқ шығындар, сондықтан да уәкілетті органмен келісілген бөлу базаларының негізінде бөлінеді;

15) уәкілетті орган - табиғи монополиялар салаларындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган немесе белгіленген құзырет шегінде облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы орган.

Осы Ережеде пайдаланылатын өзге ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пайдаланылады.

6. Почта ұйымы осы Ереженің ережелеріне сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай реттеліп көрсетілмейтін қызметтер бойынша табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүзеге асырады.

7. Бөлектеп есепке алуды жүргізу осы Ережеге сәйкес қызметтердің түрлері бойынша табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлу үшін нақтылаудың қажетті деңгейін қамтамасыз етуге тиіс бухгалтерлік және басқару есебінің бастапқы құжаттарына негізделеді. Осы Ереже почта ұйымының белгіленген қаржылық және салық есептілігін ұсынудың тәртібі мен нысанын өзгертпейді.

8. Почта ұйымының шығындары мен қолданысқа енгізілген активтерін бөлу қызмет бағыттары және қызметтер бойынша шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бірізділікпен және кезең-кезеңімен бөлуге негізделеді.

9. Бөлектеп есепке алуды жүргізу мақсатында почта ұйымы осы Ереженің негізінде, өз қызметінің ерекшелігін ескере отырып, бөлектеп есепке алуды жүргізуді нақтылайтын және қолданылып отырған бөлу базаларын таңдауын және сипаттауын көздейтін реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша бөлектеп есепке алуды жүргізу әдістемесін әзірлейді және уәкілетті органмен келіседі.

## 2. Почта ұйымының шығындары мен қолданысқа енгізілген активтерін бөлу

10. Қызметтер түрлері бойынша табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлу үшін реттеліп көрсетілетін және реттеліп көрсетілмейтін қызметтерге бөлінеді. Бұл ретте, почта ұйымының табыстары, шығындары мен қолданысқа енгізілген активтері қызмет бағыттары бойынша алдын ала топталады.

11. Почта ұйымы қызметтерінің түрлері бойынша бөлектеп есепке алуды жүргізу мақсатында қызмет бағыттары мыналарға бөлінеді:

1) почта қызметтері;

2) қаржы қызметтері;

3) агенттік қызметтер;

4) өзге қызметтер.

12. Бөлектеп есепке алу мақсатында қызмет бағыттары бойынша топтастырылған табыстар, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтер ұсынылатын қызметтердің түрлері бойынша бөлінеді.

13. Бөлектеп есепке алу мақсатында тікелей, жанама, бірлескен және жалпы шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерге бөлінеді.

14. Шығындарды бөлу және активтердің қолданылу дәрежесін анықтау үшін почта ұйымы қызметтің тиісті бағыттарымен және ұсынатын қызметтермен шығындар мен активтердің себеп-салдар негізінде бөлу әдіснамасы пайдаланылады. Бұл ретте почта ұйымы қызметінің әрбір бағыты бойынша шығындар мен активтердің ресурстармен себеп-салдар байланыстары және осы ресурстардың ұсынылып отырған қызметтермен себеп-салдар байланыстары белгіленеді.

Қолданысқа енгізілген активтердің амортизациясы қолданысқа енгізілген активтерді бөлу негізінде бөлінеді.

15. Шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің почта ұйымының қызметтерімен тікелей себеп-салдар байланыстары анықталған жағдайда осы шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді қызметтің тиісті бағыттарына алдын ала жатқызумен бұл шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді осындай қызметтерге тиісті тікелей жатқызу жүргізіледі.

16. Шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің почта байланысының қызметтерімен жанама себеп-салдар байланыстары анықталған жағдайда осы шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді оларды почта ұйымының тиісті ресурстарына, қызмет бағыттарына және қызметтеріне кезең-кезеңімен бөлу жолымен бөлудің тиісті базалары мен коэффициенттерін қолдану негізінде бөлу жүргізіледі.

17. Шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді реттеліп көрсетілетін және тұтастай реттеліп көрсетілмейтін қызметтер бойынша жатқызу және бөлу процесі мынадай бірізділікпен кезең-кезеңімен жүзеге асырылады:

1) бірінші кезең - почта ұйымының тиісті ресурстары бойынша шығындарды тікелей және жанама бөлу және активтерді (негізгі құралдар, персонал, материалдық емес активтер және басқа да активтер) топтастыру (экономикалық ресурстар түрлерінің және экономикалық ресурстарға жанама шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлу базаларының үлгі тізбесі осы Ережеге берілген 1-қосымшаның 1-кестесінде келтірілген);

2) екінші кезең - почта ұйымы ресурстарының тікелей және жанама байланыстарын тиісті бизнес процестерімен: менеджменттің (басқарудың) негізгі , көмекші және бизнес процестерімен анықтау. Ресурстарға байланысты шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді тиісті бизнес процестерге тікелей жатқызу және жанама бөлу жүзеге асырылады (бизнес-процестерді және экономикалық ресурстарды бөлу базаларының үлгі тізбесі осы Ережеге берілген 1-қосымшаның 2-кестесінде келтірілген);

3) үшінші кезең - байланыс операторының көмекші бизнес процестерінің тиісті өндірістік бизнес процестерімен және басқару процестерімен тікелей және жанама байланыстарын анықтау. Көмекші бизнес процестерімен байланысты шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлудің тиісті базалары мен коэффициенттерінің негізінде өндірістік бизнес процестерге және басқару процестеріне тікелей жатқызу және жанама бөлу жүргізіледі (көмекші бизнес процестердің бөлу базаларының үлгі тізбесі осы Ережеге берілген 1-қосымшаның 3-кестесінде келтірілген);

4) төртінші кезең - байланыс операторы өндірістік бизнес процестерінің тиісінше реттеліп көрсетілетін қызметтерімен және тұтастай реттеліп көрсетілмейтін қызметтер бойынша тікелей және жанама байланыстарын анықтау. Өндірістік бизнес процестерімен байланысты шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлудің тиісінше базалары мен коэффициенттерінің негізінде реттеліп көрсетілетін және тұтастай реттеліп көрсетілмейтін қызметтер бойынша тікелей жатқызу және жанама бөлу жүзеге асырылады (өндірістік бизнес процестерін экономикалық ресурстарға, қызмет бағыттары мен қызметтерге бөлу базаларының үлгі тізбесі осы Ережеге берілген 1-қосымшаның 4-кестесінде келтірілген);

5) бесінші кезең - почта ұйымы қызметтерінің тиісті түрлері бойынша бірлескен шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді өткен кезеңдерде шығындары мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлу нәтижесінде осы қызметтерге жатқызылған тепе-тең қалыптасқан сомаларға бөлу. Осы Ережеде келтірілген айырмашылығы бар почта ұйымының бірлескен шығындары мен қолданысқа енгізілген активтерін бөлу базасы почта ұйымының реттеліп көрсетілетін қызметтерінің түрлері бойынша бөлектеп есепке алуды жүргізу әдістемесінде уәкілетті органмен келісіледі;

6) алтыншы кезең - почта ұйымы қызметтерінің барлық түрлері бойынша жалпы шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді осы кезеңге дейін жүргізілген шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлу нәтижесінде почта ұйымының барлық қызметтеріне жатқызылған тепе-тең қалыптасқан сомаларға бөлу. Осы Ережеде келтірілген айырмашылығы бар почта ұйымының жалпы шығындары мен қолданысқа енгізілген активтерін бөлу базасы почта ұйымының реттеліп көрсетілетін қызметтерінің түрлері бойынша бөлектеп есепке алуды жүргізу әдістемесінде уәкілетті органмен келісіледі;

7) жетінші кезең - өткен кезеңдерді жүзеге асыру процесінде анықталған почта ұйымының шығындары мен қолданысқа енгізілген активтерін жиынтықтау және қызметтердің түрлері бойынша табыстар мен шығындарды қорытынды бөлу жүзеге асырылады.

18. Почта ұйымы уәкілетті органмен келісілетін реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша бөлектеп есепке алуды жүргізу әдістемеде осы Ережеге қайшы келмейтін қызметтерге шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді жатқызу және бөлу процесінің барынша нақтыланған кезеңділігін көздеуі мүмкін.

19. Осы Ережеге берілген 1-қосымшада көрсетілген шығындардың, ресурстардың, бизнес процестердің тізбелері почта ұйымының қарауы бойынша қосымша нақтылануы және кеңейтілуі мүмкін ең аз тізбелері болып табылады. Қызмет бағыттары сондай-ақ почта ұйымы ұсынатын қызметтер түрлеріне қарай нақтылануы мүмкін.

20. Осы Ережеге берілген 1-қосымшада көрініс таппаған шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлу базаларын почта ұйымы осы Ереженің 9-тармағына сәйкес қолдануы мүмкін.

21. Осы Ережеде көзделген есептілікті қалыптастыру осы есептілік қалыптасатын барлық кезең ішінде нақты шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлу үшін белгіленген тәртіппен айқындалған почта ұйымы қолданатын бөлу базаларының өзгермейтіндігіне негізделеді. Есептік кезең ішінде бөлудің әртүрлі коэффициенттерін қолдану мүмкіндігі уәкілетті органмен белгіленген тәртіппен келісілетін реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша бөлектеп есепке алуды жүргізу әдістемесінде анықталады.

22. Почта ұйымы қызметтер көрсеткеннен алынатын табыстар бастапқы құжаттардың және бухгалтерлік есеп деректерінің негізінде:

1) реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша - жасасылған шарттар шеңберінде көрсетілген қызметтердің іс жүзіндегі көлемдеріне сәйкес және уәкілетті орган бекіткен тарифтер бойынша;

2) реттеліп көрсетілмейтін қызметтер бойынша - олар бойынша тиісті қызметтер ұсынылған көлемдер мен бағаларға сүйене отырып жеке ескеріледі.

23. Почта жөнелтімдерін және құндылықтарын автокөлігімен тасымалдауға шығыстарды бөлген кезде почта ұйымы адрес иесінің географиялық орналасқан жерін, бағдардың ұзақтылығын, ішкі облыстық жолдардың жай-күйін ескере отырып почтаны автотасымалдауда қолданысқа енгізілген активтерді бөлу коэффициентін назарға алады.

**3. Табыстар, шығыстар мен қолданысқа енгізілген активтер бойынша есептілік. Бөлектеп есепке алу деректерінің және бухгалтерлік есеп деректерінің арасындағы өзара байланыс**

24. Почта ұйымы уәкілетті органға ұсынатын есептілік осы Ережеге сәйкес:

1) шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді экономикалық ресурстарға осы Ережеге берілген 2-қосымшаның нысаны бойынша бөлу туралы есепті;

2) экономикалық ресурстармен байланысты шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді осы Ережеге берілген 3-қосымшаның нысаны бойынша бизнес процестерге бөлу туралы есепті;

3) көмекші бизнес-процестердің шығындары мен қолданысқа енгізілген активтерін осы Ережеге берілген 4-қосымшаның нысаны бойынша өндірістің және басқарудың бизнес-процестеріне бөлу туралы есепті;

4) басқарудың бизнес-процестерінің шығындары мен қолданысқа енгізілген активтерін осы Ережеге берілген 5-қосымшаның нысаны бойынша қызмет бағыттарына және қызметтерге бөлу туралы есепті;

5) өндірістің бизнес-процестерінің шығындары мен қолданысқа енгізілген активтерін осы Ережеге берілген 6-қосымшаның нысаны бойынша қызмет бағыттарына және қызметтерге бөлу туралы есепті;

6) басқарудың бизнес-процестерінің бірлескен және жалпы шығындары мен активтерін осы Ережеге берілген 7-қосымшаның нысаны бойынша қызмет бағыттарына және қызметтерге бөлу туралы есепті;

7) өндірістің бизнес-процестерінің бірлескен және жалпы шығындары мен активтерін осы Ережеге берілген 8-қосымшаның нысаны бойынша қызмет бағыттарына және қызметтерге бөлу туралы есепті;

8) табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді осы Ережеге берілген 9-қосымшаның нысаны бойынша қызмет бағыттарына және қызметтерге қорытынды бөлу туралы есепті қамтиды.

25. Почта ұйымы үстіміздегі жылдың 1 мамырына дейін осы Ереженің 24-тармағында көзделген өткен күнтізбелік жылдың есептілігін уәкілетті органға ұсынсын.

26. Осы Ережеге берілген 9-қосымшада почта ұйымы толтырған және ұсынған нысандағы табыстардың жиынтықты сомасы почта ұйымы тиісті

кезеңге бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамаға сәйкес жасайтын қаржылық есептіліктің 2-нысаны бойынша есептің "Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатудан түскен табыстар" деген жол бойынша көрсетілген деректерге сәйкес келуі тиіс.

27. Осы Ережеге берілген 9-қосымшаға сәйкес почта ұйымы кезең шығыстарының минусымен толтырған және ұсынған нысандағы шығыстардың жиынтықты сомасы почта ұйымы тиісті кезеңге бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамаға сәйкес жасайтын қаржылық есептіліктің 2-нысаны бойынша есептің "Сатылған тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) өзіндік құны" деген жол бойынша көрсетілген деректерге сәйкес келуі тиіс.

28. Осы Ережеге берілген 9-қосымшаға сәйкес почта ұйымы толтырған және ұсынған нысандағы шығыстардың жиынтықты сомасы почта ұйымы тиісті кезеңге бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамаға сәйкес жасайтын қаржылық есептіліктің 2-нысаны бойынша есептің "Кезең шығыстары" деген жол бойынша көрсетілген деректерге сәйкес келуі тиіс.

29. Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің есепті (қалдық) құны тиісті күнге бухгалтерлік есептіліктің деректеріне сәйкес келуге тиіс.

30. Қағаз арқылы жеткізілетін есептерге почта ұйымының басшысы мен бас бухгалтері қол қояды және мөрмен растайды. Есептілік уәкілетті органға электрондық және қағаз арқылы ұсынылады. Электрондық жеткізгіштегі есептілік қағаз арқылы жеткізілетін есептілікке сәйкес келуге тиіс.

Жалпыға қол жетімді почта
байланысының қызметтерін
көрсететін табиғи монополиялар
субъектілерінің табыстарды,
шығындар мен қолданысқа
енгізілген активтерді бөлектеп
есепке алуды жүргізу ережесіне
1-қосымша
1-кесте

## Экономикалық ресурстар түрлерінің және экономикалық ресурстарға жанама шығындардың бөлу базаларының үлгі тізбесі

| Шығындардың, активтің атауы | Бөлу базасы | Экономикалық ресурстар | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Пер-со-нал | Жер | Ғима-рат және құры- | Маши-налар мен жаб- | Кө-лік құ-рал- | Мате-риал-дық емес ак- | Өзге |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | лыс-<br>тар | дық | дары | тив-<br>тер | |
| Шығындар | | | | | | | | |
| Еңбекке ақы төлеу | | | | | | | | |
| Аударым | Еңбекке ақы тө-<br>леу шы-<br>ғындары | | | | | | | |
| Персоналға<br>өзге | Қызмет-<br>керлер-<br>дің саны | | | | | | | |
| Шикізат және материалдар | | | | | | | | |
| Жөндеу | | | | | | | | |
| Байланыс қызметтері | | | | | | | | |
| Электр энергиясы | 1. Есеп-<br>теу при-<br>борла-<br>рының<br>көрсет-<br>кіші;<br>2. Нор-<br>матив | | | | | | | |
| Коммунал д ы қ шығыстар | Бастапқы құжаттар | | | | | | | |
| Жанар-жаға р материалдары | 1 .<br>Бастапқы құжаттар<br>2 .<br>Норматив | | | | | | | |
| Өзге ( нақтылауға байланысты) | Шығыс-<br>тардың<br>түріне<br>бай-<br>ланысты | | | | | | | |
| Жиыны | | | | | | | | |

2-кесте

**Бизнес-процестердің және экономикалық ресурстарды бөлу базаларының үлгі тізбесі**

| Атауы | Экономикалық ресурстар | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Пер-сонал | Жер | Ғима-рат және құры-лыстар | Маши-налар мен жабдық | Көлік құрал-дары | Мате-риалдық емес актив-тер | Өзге |
| Менеджменттің бизнес-процестер | | | | | | | |
| Жалпы басшылық ету | Т | S | S | % | П/В | % | % |
| Есеп және есептілік | Т | S | S | % | П/В | % | % |
| Жабдықтау | Т | S | S | % | П/В | % | % |
| Маркетинг | Т | S | S | % | П/В | % | % |
| Негізгі бизнес-процестері | | | | | | | |
| Клиенттерге қызмет көр-сетуге бай-ланысты про-цестер (қыз-меттердің бөлінісінде) | Т | S | S | % | П/В | % | % |
| Қызметтерді ұсынуға бай-ланысты про-цестер (қыз-меттердің бөлінісінде) | Т | S | S | % | П/В | % | % |
| Негізгі құралдарды пайдалануға байланысты процестер (негізгі құралдардың бөлінісінде) | Т | S | S | % | П/В | % | % |
| Көмекші бизнес-процестер | | | | | | | |
| Ғимараттар мен құрылыстарды пайдалануға байланысты процестер | Т | S | S | % | П/В | % | % |
| | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Көлікті пайдалануға байланысты процестер | T | S | S | % | П/В | % | % |
| Қосалқы жабдықты пайдалануға байланысты процестер | T | S | S | % | П/В | % | % |
| Өзге негізгі құралдарды пайдалануға байланысты процестер | T | S | S | % | П/В | % | % |

Шартты белгілер: Т - уақыт;

S - алаң;

% - пайдалану (жұмыспен қамту) проценті.

3-кесте

**Көмекші бизнес-процестерді бөлу базаларының үлгі тізбесі**

| Бизнес-процестің атауы | Қосалқы | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Ғимарат-тар мен құрылыс-тарды пайдала-нуға бай-ланысты процестер | Көлікті пайда-лануға байла-нысты процестер | Қосалқы жабдықты пайда-лануға байла-нысты процестер | Өзге негізгі құралдарды пайдалануға байланысты процестер |
| Басқару процестері | | | | |
| Жалпы басшылық ету | S | П/В | - | % |
| Есеп және есептілік | S | П/В | - | % |
| Маркетинг | S | П/В | - | % |
| Жабдықтау | S | П/В | - | % |
| Өндірістік | | | | |
| Клиенттерге қызмет көрсету бойынша (қызметтердің бөлінісінде) | S | П/В | % | % |
| Қызметтерді ұсыну бойынша (қызметтердің бөлінісінде) | S | П/В | % | % |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Активтерді пайдалану бойынша (негізгі құралдардың бөлінісінде) | S | П/В | % | % |

Шартты белгілер: Т - уақыт;

S - алаң;

% - пайдалану (жұмыспен қамту) проценті.

**Негізгі бизнес процестерді экономикалық ресурстарға, қызмет бағыттары мен қызметтерге бөлу базасының үлгі тізбесі**

4-кесте

<table>
<tr><td colspan="3" rowspan="2">Экономикалық ресурстың, қызметтің атауы</td><td colspan="3">Өндіріс пен басқарудың бизнес-процестері</td><td>Барлығы</td></tr>
<tr><td>Клиенттерге қызмет көрсету бойынша (қызметтердің бөлінісінде)</td><td>Қызметтерді ұсыну бойынша (қызметтердің бөлінісінде)</td><td>Активтерді пайдалану бойынша (негізгі құралдардың бөлінісінде)</td><td></td></tr>
<tr><td colspan="3">Персонал</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="3">Жер</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="3">Ғимарат және құрылыстар</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="3">Машиналар мен жабдық</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="3">Көлік құралдары</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="3">Материалдық емес активтер</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="3">Өзге</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="3">Активтердің жиыны</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td rowspan="4">Қызметтің бағыты</td><td rowspan="2">Реттеліп көрсетілетін қызмет</td><td>Тікелей</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Бөлу коэффициентінің мәні</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td rowspan="2">Реттеліп</td><td>Тікелей</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Бөлу</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>

| | көрсе-тіл-мейтін қызмет | коэф-фици-енті-нің мәні | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|

Жалпыға қол жетімді почта байланысының қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесіне
2-қосымша

_______________________________
Кәсіпорынның атауы
**________ жыл үшін шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді экономикалық ресурстарға бөлу туралы есеп**

| Шығындар бабының (тарифтік сметаның нысаны бойынша) немесе активтің атауы | Бөлу (П, К) | Экономикалық ресурстар | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Пер-со-нал | Жер | Ғима-рат және құ-ры-лыс | Маши-налар мен жаб-дық | Кө-лік құ-рал-дары | Мате-риал-дық емес ак-тив-тер | Өзге |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Шығындар | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| Жиыны | | | | | | | | |
| Активтер | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| Жиыны | | | | | | | | |

Шартты белгілер:
П - тікелей жатқызу;
К - бөлу коэффициенттерін қолдану арқылы жанама шығындар мен активтерді бөлу.
М.О. Басшы ______________________ ________________
тегі, аты-жөні қолы
Бас бухгалтер ______________________ ________________

тегі, аты-жөні қолы
___ жылғы "___"__________
Жалпыға қол жетімді почта байланысының қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесіне
3-қосымша

____________________________
Кәсіпорынның атауы

**_______ жыл үшін экономикалық ресурстарға байланысты шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бизнес процестерге бөлу туралы есеп**

| Шығындардың, экономикалық ресурстың атауы | Бөлу ба-за-сы-ның ата-уы | Бизнес процестер | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Менеджмент | | | Негізгі | | | Көмекші | | |
| | | 1-про-цесс | 2-про-цесс | N про-цесі | 1-про-цесс | 2-про-цесс | М про-цесі | 1-про-цесс | 2-про-цесс | К про-цесі |
| Шығындар | | | | | | | | | | |
| Персонал | | | | | | | | | | |
| Ғимарат және құрылыс | | | | | | | | | | |
| Көлік құралдары | | | | | | | | | | |
| Машиналар мен жабдық | | | | | | | | | | |
| Өзге негізгі құралдар | | | | | | | | | | |
| Шығындардың жиыны | | | | | | | | | | |
| Активтердің құны | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ғимарат және құрылыс | | | | | | | | | | |
| Желілер мен инфрақұрылым | | | | | | | | | | |
| Көлік құралдары | | | | | | | | | | |
| Өзге негізгі құралдар | | | | | | | | | | |
| Өзге ресурстар | | | | | | | | | | |
| Активтер құнының жиыны | | | | | | | | | | |
| Амортизация | | | | | | | | | | |
| Қолданысқа енгізілген активтердің құны | | | | | | | | | | |
| Қолданысқа енгізілген активтердің амортизациясы | | | | | | | | | | |

М.О. Басшы ____________________ _______________
тегі, аты-жөні қолы
Бас бухгалтер ____________________ _______________
тегі, аты-жөні қолы
___ жылғы "___"__________

Жалпыға қол жетімді почта байланысының қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің табыстарды,

шығындар мен қолданысқа
енгізілген активтерді бөлектеп
есепке алуды жүргізу ережесіне
4-қосымша

______________________________
Кәсіпорынның атауы

**____ жыл үшін көмекші бизнес-процестердің шығындары мен қолданысқа енгізілген активтерін өндіріс пен басқарудың бизнес-процестеріне бөлу туралы есеп**

| Көмекші бизнес-процестер | Бөлу база-сының атауы | Бизнес процестер | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Басқару | | | Өндіріс | | |
| | | 1-процесс | 2-процесс | N процесі | 1-процесс | 2-процесс | К процесі |
| Шығындар | | | | | | | |
| 1-процесс | | | | | | | |
| 2-процесс | | | | | | | |
| М процесі | | | | | | | |
| Шығындардың жиыны | | | | | | | |
| Қолданысқа енгізілген активтердің құны | | | | | | | |
| 1-процесс | | | | | | | |
| 2-процесс | | | | | | | |
| М процесі | | | | | | | |
| Активтер құнының жиыны | | | | | | | |
| Амортизация | | | | | | | |
| 1-процесс | | | | | | | |
| 2-процесс | | | | | | | |
| М процесі | | | | | | | |
| Амортизация жиыны | | | | | | | |

М.О. Басшы ____________________ _______________
тегі, аты-жөні қолы
Бас бухгалтер ____________________ _______________
тегі, аты-жөні қолы

___ жылғы "___"__________

Жалпыға қол жетімді почта байланысының қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесіне 5-қосымша

______________________________

Кәсіпорынның атауы

**Басқарудың бизнес процестерінің шығындары мен қолданысқа енгізілген активтерін қызмет бағыттарына және қызметтерге бөлу туралы есеп**

| Басқарудың бизнес процестері | Бөлу базасының атауы | Қызмет бағыты | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 1-қызмет | 2-қызмет | Қызмет | Т қызметі |
| Шығындар | | | | | |
| 1-процесс | | | | | |
| 2-процесс | | | | | |
| О процесі | | | | | |
| Шығындардың жиыны | | | | | |
| Активтердің құны | | | | | |
| 1-процесс | | | | | |
| 2-процесс | | | | | |
| О процесі | | | | | |
| Активтер құнының жиыны | | | | | |
| Амортизация | | | | | |
| 1-процесс | | | | | |
| 2-процесс | | | | | |
| О процесі | | | | | |
| Амортизация жиыны | | | | | |

М.О. Басшы ______________________ ________________

тегі, аты-жөні қолы

Бас бухгалтер ______________________ ________________

тегі, аты-жөні қолы
___ жылғы "___"__________

Жалпыға қол жетімді почта
байланысының қызметтерін
көрсететін табиғи монополиялар
субъектілерінің табыстарды,
шығындар мен қолданысқа
енгізілген активтерді бөлектеп
есепке алуды жүргізу ережесіне
6-қосымша

____________________________

Кәсіпорынның атауы

**Өндірістің бизнес процестерінің шығындары мен қолданысқа енгізілген активтерін қызмет бағыттарына және қызметтерге бөлу туралы есеп**

| Өндірістік бизнес процестері | Бөлу базасының атауы | Қызмет бағыты | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 1-қызмет | 2-қызмет | Қызмет | Т қызметі |
| Шығындар | | | | | |
| 1-процесс | | | | | |
| 2-процесс | | | | | |
| Q процесі | | | | | |
| Шығындардың жиыны | | | | | |
| Активтердің құны | | | | | |
| 1-процесс | | | | | |
| 2-процесс | | | | | |
| Q процесі | | | | | |
| Активтер құнының жиыны | | | | | |
| Амортизация | | | | | |
| 1-процесс | | | | | |
| 2-процесс | | | | | |
| Q процесі | | | | | |
| Амортизация жиыны | | | | | |

М.О. Басшы ____________________ _______________
тегі, аты-жөні қолы

Бас бухгалтер ____________________ _______________

тегі, аты-жөні қолы

___ жылғы "___"__________

Жалпыға қол жетімді почта байланысының қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесіне 7-қосымша

_____________________________

Кәсіпорынның атауы

**______ жыл үшін басқарудың бизнес-процестерінің бірлескен және жалпы шығындары мен активтерін қызмет бағыттарына және қызметтерге бөлу туралы есеп**

| Басқару бизнес процестері | Бөлу базасының атауы | Қызмет бағыты | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 1-қызмет | 2-қызмет | R қызметі |
| Бірлескен шығындар | | | | |
| 1-процесс | | | | |
| 2-процесс | | | | |
| G процесі | | | | |
| Шығындар жиыны | | | | |
| Бірлескен қолданысқа енгізілген активтердің құны | | | | |
| 1-процесс | | | | |
| 2-процесс | | | | |
| G процесі | | | | |
| Активтер құнының жиыны | | | | |
| Бірлескен қолданысқа енгізілген активтердің амортизациясы | | | | |
| 1-процесс | | | | |
| 2-процесс | | | | |
| G процесі | | | | |
| Амортизация жиыны | | | | |
| Жалпы шығындар | | | | |
| 1-процесс | | | | |
| 2-процесс | | | | |
| G процесі | | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Шығындар жиыны | | | | |
| Жалпы активтердің құны | | | | |
| 1-процесс | | | | |
| 2-процесс | | | | |
| G процесі | | | | |
| Активтер құнының жиыны | | | | |
| | Амортизация | | | |
| Қызметтерге тікелей қолданысқа енгізілген | | | | |
| Басқару бизнес процестері | Бөлу базасының атауы | Қызмет бағыты | | |
| | | 1-қызмет | 2-қызмет | R қызметі |
| Қызметтерге жанама қолданысқа енгізілген | | | | |
| Қызметтерге бірлескен қолданысқа енгізілген | | | | |
| Қызметтерге жалпы | | | | |
| Амортизация жиыны | | | | |

М.О. Басшы ____________________ _______________

тегі, аты-жөні қолы

Бас бухгалтер ____________________ _______________

тегі, аты-жөні қолы

___ жылғы "___"__________

Жалпыға қол жетімді почта байланысының қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесіне 8-қосымша

_____________________________

Кәсіпорынның атауы

**Өндірістік бизнес процестердің бірлескен және жалпы**

**шығындары мен қолданысқа енгізілген активтерін қызмет бағыттарына және қызметтерге бөлу туралы есеп**

(мың теңге)

| Өндірістік бизнес процестері | Бөлу базасының атауы | Қызмет бағыты | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 1-қызмет | 2-қызмет | R қызметі |
| Бірлескен шығындар | | | | |
| 1-процесс | | | | |
| 2-процесс | | | | |
| G процесі | | | | |
| Шығындар жиыны | | | | |
| Бірлескен қолданысқа енгізілген активтердің құны | | | | |
| 1-процесс | | | | |
| 2-процесс | | | | |
| G процесі | | | | |
| Активтер құнының жиыны | | | | |
| Бірлескен қолданысқа енгізілген активтердің амортизациясы | | | | |
| 1-процесс | | | | |
| 2-процесс | | | | |
| G процесі | | | | |
| Амортизация жиыны | | | | |
| Жалпы шығындар | | | | |
| 1-процесс | | | | |
| 2-процесс | | | | |
| G процесі | | | | |
| Шығындар жиыны | | | | |
| Жалпы активтердің құны | | | | |
| 1-процесс | | | | |
| 2-процесс | | | | |
| G процесі | | | | |
| Активтер құнының жиыны | | | | |
| | Амортизация | | | |
| Өндірістік бизнес процестері | Бөлу базасының атауы | Қызмет бағыты | | |
| | | 1-қызмет | 2-қызмет | R қызметі |
| Қызметтерге тікелей қолданысқа енгізілген | | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Қызметтерге жанама қолданысқа енгізілген | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Қызметтерге бірлескен қолданысқа енгізілген | | | | |
| Қызметтерге жалпы | | | | |
| Амортизация жиыны | | | | |

М.О. Басшы ____________________ _______________

тегі, аты-жөні қолы

Бас бухгалтер ____________________ _______________

тегі, аты-жөні қолы

___ жылғы "___"__________

Жалпыға қол жетімді почта байланысының қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесіне
9-қосымша

_____________________________

Кәсіпорынның атауы

**_______ жыл үшін табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді қызмет бағыттарына және қызметтерге қорытынды бөлу туралы есеп**

(мың теңге)

| Табыстар, шығындар мен қолданысқа енгізілген | Қызмет бағыты | | | Қызмет бағыты | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1-реттеліп көрсетілетін | С реттеліп көрсетілетін | Реттеліп көрсетілмейтін қыз- | 1-реттеліп көрсетілетін | D реттеліп көрсетілетін | Реттеліп көрсетілмейтін |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| актив-тер | қызмет | қызмет | меттер | қызмет | қызмет | қыз-меттер |
| Табыстар | | | | | | |
| Қызмет-терге тікелей | | | | | | |
| Қызмет-терге жанама | | | | | | |
| Қызмет-терге бір-лескен | | | | | | |
| Қызмет-терге жалпы | | | | | | |
| Шығын-дардың жиыны | | | | | | |
| Қызмет-терге тікелей қолда-нысқа енгі-зілген | | | | | | |
| Қызмет-терге жанама қолда-нысқа енгі-зілген | | | | | | |
| Қызмет-терге бірлес-кен қол-данысқа енгі-зілген | | | | | | |
| Қызмет-терге жалпы | | | | | | |
| Активтер | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| құнының жиыны | | | | | | | |
| Қызмет-терге тікелей қолда-нысқа енгі-зілген | | | | | | | |
| Қызмет-терге жанама қолда-нысқа енгі-зілген | | | | | | | |
| Қызмет-терге бірлес-кен қол-данысқа енгі-зілген | | | | | | | |
| Қызмет-терге жалпы | | | | | | | |
| Аморти-зация жиыны | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Табыс-тар, шығын-дар мен қолда-нысқа енгі-зілген актив-тер | Қызмет бағыты | | | Жиыны |
|---|---|---|---|---|
| | 1-рет-теліп көр-сеті-летін қызмет | Е рет-теліп көр-сеті-летін қызмет | Рет-теліп көрсе-тіл-мейтін қыз-меттер | |

М.О. Басшы ____________________ _______________
тегі, аты-жөні қолы
Бас бухгалтер ____________________ _______________
тегі, аты-жөні қолы

**____ жылғы "____"____________**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК